

Следовательно, наиболее верным решением будет, учить классическую основу, одновременно дополняя ее наиболее употребляемыми сленговыми словами и идиомами [7].

Но наша основная проблема заключается в незнании, к какому из вариаций языка относится то или иное слово, словосочетание, грамматический оборот.

Такого рода пренебрежение может служить причиной возникновения неловких ситуаций, к примеру, если женщина из Лондона скажет жителю Нью-Йорка: «I have left my child's dummy in the gram and his nappy in the boot», в качестве ответа ей последует только лишь озадаченный взгляд. Если же житель Нью-Йорка скажет ей: «You have nice pants», то она легко может счесть это оскорблением.

Британцы называют детскую соску dummy, американцы же - pacifier, подгузники в первом случае - nappies, во втором -diapers. В Британии детскую коляску называют gram, в Америке - baby cartiage. То, что для британцев boot (багажник), для американцев - trunk. Слово pants в Америке означает брюки, в то время как в Британии - нижнее белье [8].

И таких примеров множество.

Идея описания данной проблемы пришла ко мне при выполнении упражнения на знание происхождения слов, т.е. целью задания было выбрать эквиваленты к предложенному списку слов и определить, к какому из двух вариантов английского языка оно относится. Это задание показалось очень интересным и в то же время застало моих одноклассников врасплох, потому как многие слова мы путали, относя к тому варианту, которому они не принадлежат.

Я думаю, что человек, который всерьез решил заняться изучением английского языка, как основным видом своей деятельности, обязан знать все тонкости и различия двух вариантов английского языков. И, разумеется, выполнение одного упражнения - капля в море.

Поэтому, я считаю, что было бы намного эффективней и продуктивней ввести такой предмет как “основные различия между британским и американским вариантами английского языка”, где мы вместе с преподавателем могли бы разбираться в главных отличиях, искать подходящие эквиваленты, акцентировать свое внимания на произношении слов и подчеркивать важные аспекты использования выражений в предложенном контексте.

Литература:

1. <https://moluch.ru/archive/183/46933/>
2. <https://www.zakon.kz/197125-poslanie-prezidenta-respubliki.html>
3. Опарина Е.О. Язык и культура // Сборник обзоров РАН ИНИОН. М.: ИНИОН, 1999.
4. Швейцер А.Д. Американский вариант литературного английского языка: пути формирования и современный статус // Вопросы языкознания, 1995. С. 3-16.
- 5.Арбекова Т.И. Лексикология английского языка. М., 1977. 240 с.
6. <https://www.pglu.ru/upload/iblock/efe/sumskaya.pdf>
7. <https://www.native-english.ru/articles/how>
8. <https://skyeng.ru/articles/chem-otlichayutsya-amerikanskij-i-britanskij-anglijskij>

Ғазизов Н.С., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Филология факультеті, гр КС-11, студент
(*Ғылыми жетекші - ф.ғ.д. профессор Смағұлов Ж.Қ.*)

ЭССЕ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ Е.А.БӨКЕТОВ БЕЙНЕСІ

«Ғалымға азық берер қайнар көзі кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады.» деп Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ағамыз айтпақшы, ғылым қуған азаматтардың өзіндік тұлғадан алғандағы ерекшеліктері болады.

Адам өмірінің қымбат уақыты мен қажырлы еңбегін талап ететін, ол әрине-ғылым. Қоғамның өркендеуіне, ғылымның заман талабына сай дамуына, жетілуіне кең жол ашатын ғалым-ұстаз. Ел-құрметін еншілеген осындай тұлғалардың бірі - Е.А.Бөкетов. Нағыз ғалымнан ғылыми творчествоның адамын көруге болады, білуге деген толассыз құмарлық, жүрегі шын сенген іске құдай берілгендік тән міне, осы құмарлық пен беріле қызығушылық бұл адамдардың ішкі көркіне өзгеше әр беріп,оны басқаша құбылыс,түрлі бояу, сан қилы әуенге бөлейді. Сөйтеді де, қайталанбас рухани дүние, мазасыз да толқығыш және әсерленгіш жан әлеміне ие етеді. Осындай сәулелі жан әлеміне ие адамдар көлденең көзге ілінбес, көрінген жүрек сезінбес нәрсені немесе болмашы фактіні жарлығымен жарқыратып, әркімнің ойына орала бермитін тұжырым жасауға бейім келіп, қиын-

қыстау өмір соқпағының тұйыққа тірелген жерлерінен шығарар ұрымтал жолдарын тауып кете береді. Бұл сынды адамдардың дара тұлғасы айналасындағы адамдардың, өресінің, өмірінің дамуына да шарапаты молынан тиіп жатады. Біз бүгінгі әңгімеге арқау еткен биік парасат, мол білім иесі Евней Арыстанұлы Бөкетов дәл сондай тұлғалы азаматтар сапында.

Табиғатта мынадай бір ғажайып заңдылық бар сияқты. Ол туасы даралықты, сыңарлықты әсте жаратпаса керек. Мәселен: алтын табылған жерден міндетті түрде күмістің де орны табылуы кәдік, ал осы металдар ылғи да сирек кездесетін металдармен көршілес жатады екен. Ал Е.А.Бөкетовтіңде болмысында табиғатқа тән осындай жан-жақтылық бар, рухани байлықтың мол қайнар көзі іспеттесті. Бір ғажабы-бұл біртуар бойында асыл қасиеттермен қосы сирек кездесетін сипаттар да баршылық. «Правда» газеті Евней Арыстанұлы жайында: «Әрі химик, әрі акын. Бұған тек кездейсоқ құбылыс деп қарамай, үлгі тұтарлық құбылыс деп білу керек», - деп жазды. Иә бұл-ақиқат сөз. СССР Жазушылар одағының мүшесі Е.Бөкетов әдебиет жанрында оқушы көкейінен жол тапқан сындарлы туындылар беріп те үлгерді. Ол-аудармашы, публицист, акын, сыншы. Әр адамның әрине өмір жолында ұстазы болады. Сол жолдағы шәкірттерінің арасында үлкен құрметке ие болған. Е.А.Бөкетовтің ізін жалғастырып келе жатқан қазіргі таңдағы жоғары оқу орнымыздың мұғалімдері, профессорлары, тәлім алған шәкірттері бар. Және де сол дара тұлғадай заңғырлығына өз студенттерін бейімдеп білім беруде. Ұлағатты ұлы ұстаздан тәрбие алған адам жақсы қоғам қайраткер, ұлы тұлға болып өседі. Өмірін дұрыс бағытқа бағамдалып, төселеді. Осы орайда К.Д.Ушинский: «Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі» - сөзі оралады. Аса дарынды орыс ақыны М. Ю. Лермонтов: «Кішкентай адам тауда тұрса да кішкентай, алып орда тұрса да зор» деген екен. Филология ғылымының докторы, профессор Рахимов Берік Серікбайұлы өзінің нар тұлғалы ұстазы туралы шәкірті ретінде Бөкетов жайлы естеліктерінде аңыз адам келбетінде тұлғаның бейнесін осылай сипаттайды: «Осы уақытқа дейін айтулы ақындар, ғұлама ғалымдар, өнер жұлдыздары мен талай еңбек майталмандарын көрдік. Ірі және іргелі істерімен ізгіліктің нұрын шашып, азаматтықтың асқан үлгісін танытқандар ішінен өзім көріп, әбден көзім жеткен Е.А.Бөкетовтің орны бөлек болатын. Қазақстандағы сол кездегі екінші университеттің студенті атанып, қуанышымызды сөзбен айтып жеткізе алмастай күйде едік. Ол кезде қоғамдық пәндердің көпшілігі орыс тілінде өтіп, мамандыққа қатыстылары ұлттық тілімізде жүретін. Қазақ тілінің айы оңынан тумай тұрған сол бір кезде университет тарапынан арнайы шақырылған ақын-жазушылар, өнер адамдарымен кездесулер өте көп өтетін. Осы кездесулерді көбіне Евней ағамыз басқарып, тамаша тартымды жүргізетін. Біздің алған білімімізді одан әрі жетілдіруге әлгі кездесулер, ондағы айтылған тартымды ғұмырбаяндық және өнерге қатысты әңгімелер ерекше ықпал еткені анық. Бұндай кездесулерде Е.А.Бөкетов көзге түсіп жүрген талантты студенттерді ел алдына шығарып, оларды да тыңдауды ұмытпайтын. Бұл орайда университеттегі «Балауса» үйірмесінің жұмысын ерекше ұнатып, оның өтетін мәжілістеріне қатысып отыратын. Біздің студент кезіміздегі бұл бірлестіктің атқарған ісі үлкен кітапқа жүк болып, қызықты деректерімен таусылмас әңгімеге айналары сөзсіз еді. Біз Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, Аманжол Шамкенов, Жаппар Өмірбеков, Қайрат Жұмағалиев, Тахауи Ахтанов, Медеу Сәрсекеев, Оралхан Бөкеев, Жайық Бектұров, Ақселеу Сейдімбеков сынды ақын-жазушылармен, сондай-ақ белгілі академик ғалымдармен осы бірлестік арқылы таныстық. Кездесулердің бәрі де «Балауса» бірлестігі арқылы өтіп, қызықты жастардың әңгімесіне айналатын. Осы жүздесудің бәрінде Бөкетов өзі болып, студенттер мен әйгілі таланттардың қарым-қатынаста болуына жол салатын» [3]. Тұмысынан талантты жазушы: «Тәрбие мен білім беру – ажырағысыз ұғым. Білім бермей тұрып, тәрбиелеуге болмайды, ал берген әр білімін тәрбиелік ықпал жасайды» деген Толстойдың сөзін ескерсек, тәрбие беделінің білімнен әлденеше есе салмақтылығына көз жеткіземіз. Демек, тәуелсіздік туын көкке көтеріп, тек ауызбірлік тілеген халқымыздың жарастығын, еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін көздің қарашығындай сақтау – әрбір азаматтың борышы.

«...адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгеден үстем дүние жүзінің қожасы болып отыр.» деп ақтандақ қаламгер Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, Евней Арыстанұлы өзінің ғұмырында белестерді бағындыра отырып, өзінен кейінгі жастарға өнеге, ілім боларлықтай еңбектер қалдырды. Қазақстан

Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының еңбек сіңірген ғылым қайраткері - Зейнолла Қабдоллов өз естеліктері арқылы ғұлама ғалым туралы мақаласында: «Селен мен өлең. Бұл екеуі-профессор Е.А.Бөкетовтің егіз стихиясы. Өлеңі - өлең, оны жұрттың бәрі біледі. Ал селен деген немене? Бүгінгі білгірлердің бұрылтпас дәлеліне бақсақ, адам баласы жер басып, дүниеде тіршілік еткелі, ғұмыр кешкелі елу миллиард тонна көмір жағылыпты да, екі миллиард тонна темір қорытыпты. Біздің алдымызда

күмістей жалтыраған алты қырлы көк сұр кристалл жатыр. Бұл-селен,-жаңағы мыс тозаңын тұмшалап қайта тексеруден туған жаңа металл. Мұның басқа бір егізі бар; оның аты-теллур. Екеуі де туған республика топырағындағы металлургия ғылымында Евней Бөкетов ашқан «америкалар». Осы үшін оған кезінде техника ғылымының докторы деген биік дәреже берілді. Доктор кейін профессор атанды. Бұл-мәртебелі атақ. Бәрі де заңды. Дей тұрғынмен селен мен өлең арасында не байланыс бар? Бұл екеуі не себепті Евней үшін егіз стихия?! Әйгілі физик Людвиг Больдман: «Менің-мен болғаным тек Шиллердің арқасы. Егер мен Шиллерді оқымасам,сақалым осы қалпында,мұрным осы орнында тұрғанмен,мен-мен емес,басқа біреуі болар едім»-деген екен. Ендеше,бізде турасына көшейік: Евнейді- Евней еткен көркем әдебиет. Білеміз. Евней Бөкетов-алдымен ғалым, бірақ, ол оқымыстылығының өзімен де бәрінен бұрын Пушкин мен Абайға, Әуезов пен Маяковскийге қарыздар. Евнейдің мектеп есігін ашып,алғашқы мұғалімі Августа Устиновнадан дәріс алып,көзі қара тануы-ақ мұң, содан бергі күллі саналы өмірінің өң бойында қызыға оқып, құныға тоқығаны-қазақ,орыс,қала берсе,бүкіл дүние жүзінің көркем классикасы. Бүгінде дос пейіліне, жұрт қадіріне бөленген маман металлург, білімдар ғалым Евней ағаның алыс-жақынды өзіне баураған адамдық, азаматтық қасиеттерінің түп-төркіні, сөз жоқ, осында жатыр. Өйткені, әдебиет- әлемнің сырлы шежіресі, халықтардың көркем тарихы, адамдардың ары мен ажары. Сондықтан ба,кім білсін, әйтеуір, Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған жылдың күзінде Алматыдағы Тау кен-металлургия институтына оқуға келген сырықтай ұзын бойлы сындар жігіттің көзіне жылт-жылт ұшқын атқан оты сөзінен лып-лып толқын жатқан шабыт аңғарылатын. Евней жас жігіт кезінің өзінде уытты, жігерлі, екі тілге бірдей шешен,өз ісіне мығым болатын. Не нәрсеге де бейтарап, енжар қарамайтын,көзі мен көкірегі бірдей ояу,ойлы,қимыл-әрекеті ширақ,тыңғылықты еді. Осы сипаттары қазір жігіт ағасы кезінде де қаз қалпында. Мұның да арғы тамырын әдебиеттен іздеу абзал. Өйткені, инженер-металлург болуға бет алған шәкірт Евней физика мен лириканы ешқашан бөле қараған емес,оларды Есіл мен Нұра секілді егіз деп білетін. Евней Бөкетовтің зерттеу саласы-техника, дәлірек айтқанда,металлургия мен химия. Сондықтан оның мыс аралас электролит қалдықтарынан селен мен теллур тектерін ажыратудағы өрісі кең ғылыми еңбектерін, оттегін қолдану арқылы мыс балқыту ісін жеделдету, конвертер қағаздарынан рений өнімін, күкірт қышқылын алу, өндіріске түрліше технологиялық тың процестер енгізу сияқты өресі биік инженерлік жұмыстарын жіпке тізе жүйелей бастасак, бұл ғылыми-техникалық әрекеттердің мазмұны терең болғанмен, пішіні айтар ауызға тым «қарадүрсін» проза болып шығар еді. Демек,прозадан поэзияға көшпей, яки Бөкетовтің аудармашы ақын, әдеби сыншы ретіндегі сипаттарға қарай ойыспай болмайды. «Алдымда толған мақсат, толған таңдау, Алайын анасын ба, мынасынба?...»-деп Сұлтанмахмұт айтқандай, Евней Бөкетовтің мақсаты мен мүддесі сала-сала. Оның алдында қос рельстей қатар жосылып, екі тарам жол жатыр: ғылым жолы, әдебиет жолы. Қай жолмен көбірек жүрген дұрыс? Біздіңше, екі жолды қатар басу керек. Селен мен өлең арасын бұрынғысынша жіксіз жалғай беру шарт. Задында,тірі кісі әрқашан сапарды-жол үстінде» [2].

Біз бұл мақаламызға атақты ғалымның «Көкейкесті» кітабындағы ғылыми жұмыс жауапкершілігі мен шығармашылық ізденіс, ғылыми қызметкер келбеті туралы заманауи маңыздылықтағы ой-тұжырымдарын талдап, бағаламақпыз. Е. Букетов ең алдымен жас ғалым қандай болуы керектігіне тоқталады. «... ғылыми-техникалық революция кезеңінде жоғары білімін жемісті жолмен пайдаланам деген жас маман, әсіресе ғылым саласында қызмет істеуге дайындалған жас маман, өте көп білуі керек те, сол білгенді творчестволық процесте пайдалана алу керек». Жас ғалымдарға көп оқу, көп білу, жан-жақты терең іздену кеңестік кезеңде басты талап болды. Бұл талап бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның ғылымын өркендетуде де күн тәртібінен түскен жоқ. Өкінішке орай, бүгінгі ғылым жастардың терең білімін, үлкен ізденісін саралау, сараптаудан гөрі, диссертация қорғаудың тиімсіз шетелдік жүйесін негізсіз қабылдауда.

Е. Букетов: «Ғылыми ізденіс дегеніміз шығармашылық процестің барып тұрған биігі, шыңы. Олай болса бұл жолда қызмет істеудің өзі де қызғылықты нәрсе, өйткені шын шығарма адамның ойына қанат бітіріп, бойына қызу беретін нәрсе. Демек, ғылыми ізденіс дегеніміздің өзі шын мәнісінде табиғаттың әлі ашылмай, тұңғығында жатқан ақиқатын, сырын іздеп табу болып табылды. Ал ақиқатты іздеп табу үшін, сол ақиқатты іздеуші, яки сол ғалым өзі мейлінше адал, ақиқатшыл болуға тиісті. Ондай адам ең алдымен өз қарабасының алдында адал болуы керек» – деп ғылыми ізденістің ерекшелігін көрсетеді, оның ең басты шарты адалдық деп біледі. Ғалым қашанда адалдықпен ғана өзінің жарқын жетістіктеріне жете алады. Ғылымға адалдық, ғалымның өз басының адалдығы қазіргі таңда да аса қажет құндылық. Ол ғылыми ақиқат үшін Джордано Бруно, Галилео Галилей мен Николай Коперниктің қандай азапты тағдыр кешкенін жас ғалымдар есіне салады.. «Білім инемен құдық қаз-ғандай» деген халық даналығының астарында ғылым жолының ауырлығын

мензеп отырғанын ұғыну киын емес. Олай болса жас ғалым Абайша айтқанда «неге ғашық, неден қашық» болуы керек. Көкейкесті мәселе осыдан өрбиді. «Жастардың болашаққа құлаш сермеп өсуіне бірден-бір кедергі – өз адалдығына нұқсанды заттарға кешіріммен қарау болып табылады; өсем деген жас мұндай қасиеттерге қайырымсыз, кешірімсіз болуы қажет. Ғылыми қызмет адалдықпен қатар қайсарлықты, қажырлылықты тілейді. Өйткені, ғылымда бірден болжаған мақсатына жету жолында шытырман бұлтарыстар, сәтсіз адымдар көп болады; көрікті мақсатына осының бәріне шыдаған қайсар, қажырлы адам ғана жетпек. Ғылым ерлікті, жүректілікті тілейді. Ғылымның ашқан жаңалығы көп жағдайда қалыптасқан ұғымға, әдеттенген түсінікке сай келмеуі мүмкін, тіпті қарсы болуы да мүмкін. Мұндайда ақиқатты, жаңалықты ұсынған адам, сол жаңалықтың шынайы екенін көпшілікке дәлелдеп болғанша, құбыжық та болып көрінетіндігі болады» [4] Бұл пайымдау Әбу-Насыр әл-Фарабидің «Ғылымды үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіп құмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек» – деген даналық тұжырымымен үндес, ғұлама ойының екінші қанаты тәрізді.

Евней Арыстанұлы ғылыми шығармашылыққа, ой еңбегіне әзірлену қажеттілігін ойға салады. Е. Букетовтың ғылыми ізденіс, ғылыми шығармашылық жолындағы жас ғалымдардың мақсат-міндеті туралы өмірлік тәжірибеден түйген тұжырымдарының маңызы айрықша, өнегесі зор. Осынау тағылымды да танымды ой-тұжырымдар Д. И. Менделеевтің «Ғылымның рөлі қызмет ету, ол игілікке жету құралы болып табылады» деген ғибратты пайымдауы ойымызды алаулатады. Ең бастысы, отандық ғылымды өркендетуге ниеттенген талапкер тас түлектерге ғылымның ауыр да азапты жолында табандылық, батылдық, мақсаткерлік танытуды ойға салады.

Е. Букетовтың ғылыми жұмыстың ерекшелігін анықтап көрсеткен пайымдауы да өз өмірінен түйген тәжірибе үлгісіндей. «Ғылыми жұмыс, ғылыми ізденіс шығармашылық қызметтің шығар шыңы. ... Шынайы шығармашылық адамды қайта жаң-ғыртады, қанаттандыра түседі. Шығармашылық жұмысыңнан алған рахаттан артық рахат бар ма екен сірә! Шын мәнінде, нағыз азаптанып, ұзақ ізденіп жазған ғылыми жұмысыңның нәтижесіне жетіп, жарқын қуанышына ие болу үлкен бақыт».

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Евней Букетов туралы лебіздер мен пікірлер. -Қарағанды: КарМу баспасы, 2004
2. Букетов Е.А. Біртуар .-Қарағанды 1998
3. Жастар әлемі газеті. №3.
4. Букетов Е.А. Көкейкесті. -Алматы: Қазақстан, 2000

Дулат Д., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, факультет философии и психологии, гр. Р-32, студент
(Научный руководитель – ст. преп. Жусупова Б.Ж.)

ПСИХИЧЕСКИЕ РАССТРОЙСТВА С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ СОВРЕМЕННОЙ МЕДИЦИНЫ И ИСЛАМА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Проблема психических расстройств, распространенных в обществе, остается актуальной и по сей день. Психические болезни являются специфически человеческой формой патологии, которая часто представляет собой нарушение отражения человеком своего собственного и окружающего мира, в результате чего происходит снижение уровня его адаптации в обществе [1; 23]. Суть психической болезни заключается в ограничении ею свободы действовать по своему выбору [1; 60]. По данным Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) среди общего населения планеты каждый четвертый-пятый человек страдает определенным поведенческим или психическим расстройством. Люди с нездоровой психикой на протяжении всех исторических эпох подвергаются различным формам систематической дискриминации. Стигматизация лиц с психическими заболеваниями негативно влияет на их самооценку, приводит к разрушению семейных связей, способствует возникновению социофобии, страха и ощущения предвзятого отношения со стороны других [2; 21]. Социальное отчуждение происходит в большинстве сфер жизни, поэтому человеку с тем или иным душевным недугом, крайне тяжело приспособиться к социальной среде.

Психические расстройства систематизированы в Международной классификации болезней 10-го пересмотра (МКБ-10). Диагностические рубрики (F), содержащиеся в ней, складываются в пять блоков, приравненных к основным группам психических заболеваний [1; 64].